



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ


### 2018 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2019 жылғы 5 ақпан

Алматы қ.

Алдын ала бағалау бойынша төлем балансының **ағымдағы шоты** 2014 жылдан бастап алғаш рет профицитпен қалыптасып, 0,9 млрд АҚШ доллары болды.

#### Ағымдағы шот сальдосы



Жақсару оң **сауда балансының** айтарлықтай өсуі арқасында орын алды, ол 57,9%-ға ұлғайып, 27,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Мұнайға әлемдік бағалардың жағымды конъюнктурасы нәтижесінде **тауарлар экспорты** 25,2%-ға өсіп, 61,9 млрд АҚШ долларын құрады. Мұнай және газ конденсаты экспорты (жалпы экспорттан 62,2%) 42,2%-ға ұлғайды.

**Тауарлар импорты** 34,5 млрд АҚШ долларына дейін 7,5%-ға өсті. Барынша көп ұлғаю (16,9%-ға) инвестициялық тауарларды әкелу (жалпы импорттан 37,3%) бойынша орын алды. Тұтынушылық және аралық тауарлар импортының өсуі тиісінше 4,7% және 4,1 % болды.

Төлем балансының жақсаруы 27,3%-ға 20,9 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайған тікелей шетелдік инвесторларға **төлеуге арналған кірістерді** тежеді.

Өзгермелі айырбастау бағамының режимі теңгеге сыртқы факторлардың өзгеруіне ден қоюға мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2018 жылы нақты айырбастау бағамының аздап әлсіреуі (2,1% ж/ж) Қазақстанның тауар өндірушілерінің баға жағынан бәсекеге қабілеттілігін қолдады. Жалпы алғанда, оң ағымдағы шот теңгенің номиналдық бағамы нығаяу жағына әлеуеті болатынын көздейді.

**Қаржылық шот** (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) алдын ала деректер бойынша 4,5 млрд АҚШ доллары оң сальдосымен қалыптасты, ол көбінесе резиденттердің сыртқы міндеттемелерінің төмендеуіне байланысты.

**Шетелдік тікелей инвестициялардың** әкелінуі 9,8%-ға өсіп, 4,1 млрд АҚШ долларын құрады. Бейрезиденттердің кірістерін қазақстандық кәсіпорындардың капиталына қайта инвестициялау оларды әкелудің негізгі көзіне айналды.

ҚР Ұлттық қоры активтерінің өсуі, сондай-ақ Қазақстанның банктері мен кәсіпорындарының міндеттемелерін өтеуі **портфельдік инвестициялар бойынша** таза

әкетілуге (5,8 млрд АҚШ доллары) алып келді. Сонымен қоса, ҚР Қаржы министрлігі еурооблигацияларының жаңа шығарылымы 2018 жылғы 4-тоқсанда резиденттер міндеттемелерінің төмендеуін ішінара өтеді.

**Резервтік активтер** (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 30,9 млрд АҚШ доллары болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының 8,1 айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)